# Сыр бойы

7 қараша сейсенбі 2013 жыл №166 (18665)

Қызылорда облыстық газеті

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.syrboyi.kz


**ҮКІМЕТ**

**Сейсенбі күні Үкімет үйінде ҚР Премьер-министрі Серік Ахметовтің төрағалығымен 2013 жылдың 11 қазанында ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысының берген тапсырмаларын орындау барысы мәселелері талқыланды.**



## ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Отырыста Үкімет басшысы министрлер мен әкімдер тарапынан Президент тапсырмаларын орындауға жіті көңіл бөлінбейтінін атап өтіп, осы бағыттағы жұмысты тиімді жедел ұйымдастыру қажеттігі туралы баса айтты.

Тапсырмаларды орындау жоспары туралы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Ерболат Досаев баяндады.

Оның хабарлауынша, Үкімет бекіткен Іс-шаралар жоспары 70 іс-шарадан тұрады. 2013 жылдың аяғына дейін 46 іс-шараны, ал 2014 жылы 22 іс-шараны іске асыру көзделіп отыр.

Іс-шаралар жоспары төрт нормативтік-құқықтық акті жобасын әзірлеуді көздейді. Құжаттар бюджеттік заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік органдарда сатып алуларды жүргізу, Бюджетті атқару ережелері мәселелеріне қатысты. Е.Досаев айтқандай, алты іс-шара бойынша Мемлекет басшысына баяндамалар енгізілетін болады. Бұл 2010-2014 жылдарға арналған ҮИИДМБ жүзеге асыру, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобаларды орындау, 2013-2015 жылдарға арналған көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылдың Кешенді жоспарының орындалуы, салық базасын өсіруге мүдделілікті қамтамасыз ету, алкоголь өнімдері айналымына бақылауды күшейту, ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу мәселелеріне қатысты. Министр, сондай-ақ, мемлекеттік органдарға, нақты айтқанда, экономика және бюджеттік жоспарлау, өңірлік даму, қаржы, индустрия және жаңа технологиялар министрліктеріне Жоспардың 42 іс-шарасы тапсырылатынын айтып, олардың орындалу мерзімдерін мәлімдеді.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау бойынша Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Е.Досаевтың, Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіповтің, Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Исекешевтің, Ауыл шаруашылығы министрі А.Мамытбековтің, Өңірлік даму вице-министрі Қ.Өскенбаевтың баяндамалары тыңдалды.

Нақты айтқанда, мемлекеттік сатып алу, алкоголь өнімдері айналымы, бюджет қаражатын игеру, көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл, экономиканы индустрияландыру, ауылшаруашылық қайта өңдеу, АЭА қызметінің тиімділігі, «Бизнестің жол картасы-2020» жүзеге асыру, ТКШ жетілдіру бағдарламасы, жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және сараптау бағытындағы жұмысты жетілдіру бойынша шаралар баяндалды.

Қысқаша хабарламалардан кейін Үкімет басшысы Индустрия және жаңа технологиялардың бірінші вице-министрі А.Рауға, Өңірлік даму вице-министрі С.Нокинге, Қаржы вице-министрі А.Теңгебаевқа, Денсаулық сақтау вице-министрі Б.Төкежановқа, Ауылшаруашылық вице-министрі М.Толыбаевқа, Мәдениет және ақпарат вице-министрі А.Қырықбаевқа сөгіс жариялады. Сондай-ақ, бірқатар комитет төрағалары және басқа да лауазымды тұлғалар жазаланды.

Павлодар және Жамбыл облыстарының әкімдеріне қаржы мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарларына сөгіс беру тапсырылды. Сонымен қатар, С. Ахметов жыл соңына қарай жағдай өзгермесе, Мемлекет басшысының атына бірінші басшыларды, оның ішінде әкімдерді жазалау туралы ұсыныстар енгізетіндігін де баса айтты.

«Атқарушы билік – бұл, ең алдымен, Президент саясатын жүзеге асыру құралы. Бұл туралы барлығы, жекелеп алғанда, Үкімет мүшесі, әкім есте сақтауы тиіс», - деп атап өтті Премьер-министр.

С.Ахметов айтып өткендей, «Үкіметтің барлық әрекеттері ашық және БАҚ арқылы халыққа жеткізілуі тиіс. Бұл жұмыс жүйелі, тұрақты және барынша ашық болуы керек». Осыған байланысты Мәдениет және ақпарат министрлігі барынша белсенділік танытып, қызметін күшейтуі қажет.

Үкімет жетекшісі Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың орындалуына байланысты отырыстар енді апта сайын өтіп тұратынын айтып, министрлер мен әкімдерге жұмысты ширата түсуді тапсырды.

● II «БАЙҚОҢЫР» ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФОРУМЫ ҚАРСАҢЫНДА

## ТРАНЗИТТІК МҮМКІНДІКТІ АЙҒАҚТАЙТЫН ЖОБАЛАР

**Үстіміздегі жылдың 13-14 қараша күндері облысымызда II «Байқоңыр» инвестициялық форумы өтеді. Облыс әкімінің бастамасымен екінші рет өткізілетін бұл форумның негізгі мақсаты өңіріміздегі инвестициялық ахуалды жақсарту, қаржы инфрақұрылымдарын дамыту, отандық және шетел инвесторларының аймақтағы компаниялармен индустриалды, туристік және аграрлық салаларда өзара тиімді әріптестікті орнықтыруға бағытталып отыр.**





Осы форумның секциялық бөлігінде облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы инвесторлар мен келген конақтар назарында транзиттік мүмкіндігі зор «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автожолының бойындағы инфрақұрылымдық жұмыстарды бастау мен үш логистикалық орталық пен Қызылорда әуежайынан жаңа заманауи терминал салу жобасын ұсынбақшы.

Шындығында, шығыс пен батыстың арасын жалғайтын «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөліктік дәлізінің транзиттік жобасы 2787 шақырымды құрайды. Оның 812 шақырымы біздің облыс аумағынан өтеді. Осы жолдың 246 шақырымы бірінші техникалық, ал 566 шақырымы екінші техникалық категорияға жатады. Жолды қайта жаңғырту барысында облыс аумағынан 48 көпір, 336 құбыр, 74 мал өтетін орындар мен 14 екідеңгейлі жол айрығы және екі темір жол өткелі салынады. Жаңа жоба толықтай іске асып, пайдалануға берілгенде ондағы көлік құралдарының жолда жүру жылдамдық көрсеткіші сағатына 120 шақырымға дейін өседі. Осы орайда автокөлік жолы бойында кездесетін көлік кептелісі секілді қиындықтарды болдырмау мақсатында бұл магистраль облыстың сегіз ірі елді мекенін айналып өтеді. Олардың қатарында Арал қаласы мен Әйтеке би, Жосалы кенттері және Ақжарма, Шаған ауылдары мен Қызылорда қаласы және Шиелі, Жаңақорған кенттері бар.

Міне, осы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» мегажобасының құрылысы аяқталғаннан кейін оның бойындағы инфрақұрылымдарды бастау ісі қолға алынады. Яғни, үлкен жолдың бойынан халықаралық талаптарға сай келетін қонақ үйлер мен автокөліктерге техникалық қызмет көрсету орталықтары және тамақтанатын орындар секілді көптеген нысандар салынады. Сондай-ақ, жобаның іске асуымен аймағымызда туризмді дамытуға жол ашылып, облыстың тарихи орындарын жандандыру ісі қолға алынатын болады. Өткізілгелі отырған II «Байқоңыр» инвестициялық форумында осы істерді жүзеге асыру үшін инвесторлар тартып, олармен өзара тиімді жағдайда келісімге келу жайы көзделіп отыр.

Екінші бір мәселе, ол логистикалық орталықтар салу жобасын да жүзеге асыру көзделуде. Соның бірін Сексеуіл кентінен салу жоспарлануда. Әрине, оны бұл жерден салуға таңдап алудың өзіндік себебі де бар. Атап айтқанда, бүгінде салынып жатқан «Бейнеу-Жезқазған» темір жолы осы станса арқылы өтеді. Бұл алып құрылыстың салынуымен Сексеуілде депо құрылысы, тұрғын үйлер, тағы да басқа нысандар бой көтереді. Міне, осы жерден логистикалық орталық салынғанда ол өндіріс, құрылыс, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік секілді көптеген салаларға қызмет көрсетеді. Яғни, бұл логистикалық орталық жүктерді қабылдауда тиеп, түсіру, техникалық қызмет көрсету, кедендік пункт секілді түрлі бағытта жұмыс жасайтын болады. Айта кету керек, тап осындай логистикалық орталықтарды инвестициялық тартымдылығы жоғары Байқоңыр қаласы мен Қызылорда қаласының Оңтүстік Қазақстан облысы мен Жезқазған қаласына шығатын жол айрығының бойынан салу да жоспарлануда. Бұл өз кезегінде өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор мүмкіндік береді деп күтілуде.

Баршаға белгілі облыс басшысы Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен Қызылорда әуежайынан қазіргі заман талабына сай жаңа терминал – аэровокзал салу ісі қолға алынбақшы. Негізі әуежайды қайта жаңғырту мен онда жаңа терминал салу ісі – үлкен әрі маңызды жоба. Қазір бұл жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі мен жобалау-сметалық құжаттары дайындалды. Бүгінде бұл құжаттар мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Алдын ала есептеулерге қарағанда бұл жобаның құны 5,8 млрд. теңге болады деп күтілуде. Аумағы үлкен, жолаушыларға қолайлы қызмет көрсетуге арналған терминал іске қосылғанда әуежайдың жұмыс істеу мүмкіндігі қазіргісінен де кеңейе түспек. Ал, ең бастысы, жаңа терминалдың салынуы мен әуежайға қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу ісі толық аяқталғаннан кейін оның халықаралық әуежай мәртебесін алуға мүмкіндігі мол. Міне, бұл жоба да инвестициялық форумға қатысушылардың назарына ұсынылады. Сөйтіп, оған қуатты инвестор тартып, онымен арнайы меморандумға отыру да көзделуде.

Сонымен, II «Байқоңыр» инвестициялық форумына шығарылғалы отырған бұл жобалардың әрқайсысы өзінің маңыздылығымен ерекшеленеді. Ал ең бастысы, сәтін салып, олар іске асқанда облыстың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамуына даңғыл жол ашылады.

**Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.**

**Сейсенбі күні М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде «Өңірлерді этноәлеуметтік және этноконфессиялық үдерістерді тиімді басқару» тақырыбындағы көшпелі семинар-тренинг өз жұмысын бастады.**

● СЕМИНАР

## ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ӘҢГІМЕ БОЛДЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен облыс әкімдігінің тікелей қолдауымен өтіп жатқан семинардың мақсаты – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» Жолдауы аясында этноәлеуметтік және этноконфессиялық үдерістерді тиімді басқару бойынша тыңдаушылардың кәсіби білімі мен біліктік деңгейін арттыру.

Семинарға этносаралық және конфессияаралық қатынастар мәселесімен айналысатын қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары, облыстық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту басқармалары мен қалалық және аудандық бөлімдерінің басшылары мен мамандары, ассамблеяның облыстық хатшылығы мен ғылыми-сарапшылық тобының мамандары, этномәдени, жастар және басқа қоғамдық бірлестіктер жетекшілері, құқық қорғау органдары мен жоғары оқу орындары өкілдері қатысуда.

Семинар-тренинг жұмысын ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығының жетекшісі, әлеуметтану ғылымдарының докторы Айгүл Сәдуақасова сөз сөйлеп ашып, ҚР Президенті әкімшілігі Қазақстан Халқы Ассамблеясы хатшылығының сектор меңгерушісі Нәзипа Шанай және облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова семинарға сәттілік тіледі.

Семинар барысында сарапшылар мен ғалымдар елдегі және оның өңірлеріндегі өзекті мәселелерді талқылап, этноәлеуметтік және этноконфессиялық үдерістерді тиімді басқарудың теориялық және тәжірибелік құрамдас бөліктеріне сипаттама берді.

Семинар бүгін жұмысын одан әрі жалғастырып, пікірлесу мен тәжірибелік сабақтарға жалғасты. Семинар соңында оған қатысушыларға арнайы сертификат табысталатын болады.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

## СУ ҚОРЛАРЫН ТИІМДІ БАСҚАРУ

**Кеше Қызылорда қаласында Арал-Сырдария бассейндік кеңесінің кезекті мәжілісі болып өтті. Оған еліміздің бірқатар өңірлері мен Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мемлекеттерінен су шаруашылығы саласының өкілдері қатысты.**

● КЕҢЕС

Аталмыш шараға Арал-Сырдария бассейндік су шаруашылығы инспекциясының басшысы Әділхан Қарлыханов төрағалық жасады. Еліміздің «Су кодексіне» сәйкес кеңес 2006 жылдың маусым айында тұсау кескен еді. Оның ережесіне сәйкес оның құрамына Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының жергілікті өкілдіктері мен атқарушы органдардың, аумақтық мемлекеттік органдардың басшылары мен су пайдаланушылардың өкілдері енгізілген. Мүшелердің жалпы саны 40 адамды құрайды. Бассейндік кеңес консультациялық-кеңесші орган болып табылады. Бүгінгі күнге дейін кеңестің оннан астам мәжілісі өткізілді. Оларда су ресурстары саласындағы өзекті мәселелер және сол түйткілдерді шешу жолдары талқыланды.

Бүгінгі таңда Орта Азияда су ресурстары өзекті тақырыптың біріне айналып келеді. Тянь-Шань тауларынан бастау алатын Сырдария өзені Қырғызстан, Өзбекстан және Қазақстанның 2 мың шақырымнан асатын бөлігін басып өтеді. Бұрынғы жылдарда қысы-жазы су мәселесіне байланысты ешқандай проблема туындамайтын. Әйтсе де, кейінгі он жылдың шамасында қырғыз ағайындар энергетикалық жүйеге көшіп, жаз айларында өзен суын молынан пайдалануда. Соның салдарынан дарияның төменгі бөлігінде су тапшылығы орын алады.

Кеңестің күн тәртібінде Жаңақорған ауданында салынып жатқан үрмелі су тоспасы құрылысының барысы талқыланды. Сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысындағы термалды-минералды сулар жайлы және оны пайдалану, гидрологиялық бюллетеньнің таныстырылымы, «Шардара» су қоймасының және су тоспасының қазіргі жай-күйі елдің назарына ұсынылды.

Бүгінгі таңда «Шардара» су қоймасы өзекті мәселе болып табылады. Себебі, аталмыш су қоймасы өткен жүзжылдықтың 60-шы жылдарында салынған. Сондықтан оның Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының тұрғындары үшін маңызды стратегиялық нысан болып табылады. Сондай-ақ, біздің өңірдегі көп жылдардан бері кезегін күтіп жүрген мәселе – Жаңақорған ауданында салынып жатқан үрмелі су тоспасы болатын. Өйткені, аталмыш ауданда жылма-жыл ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін аяқ сумен қамтамасыз етуде кездесетін түйткілдерді шешуге су тоспасы өз септігін тигізеді. Бұл жөнінде «Қызылорда су шаруашылығы» мекемесі директорының орынбасары Бегеш Жақып жан-жақты айтып берді.

Соңғы жылдарда Сырдария өзенінде түрлі жағдай орын алып келеді. Қыс айларында дария арнасымен мол су келіп, елді әбігерге түсіреді. Есесіне жаз айларында су тапшылығы орын алады. Соның салдарынан диқандар қауымы көптеген қиындықпен бетпе-бет келіп жүргені жасырын емес. Кейбір кезеңде егінге су жетпей қалу қаупі туындап жатады. Мұндай жағдай облыстың оңтүстік бөлігінде орын тепкен Жаңақорған және Шиелі аудандарында жиі байқалады. Осыған байланысты бұл аудандарда су тоспасын салу мәселесі бірнеше жылдан бері көтеріліп келе жатқан еді. Дегенмен, біраз жылдар бойы елдің бұл өтінішін орындауға қол қысқалық етті.

Былтыр Жаңақорған ауданында су тоспасын салу жұмысы қолға алынып, сол бағыттағы жұмыстар басталды. Жалпы алғанда, Түгіскен массивінде 30 мың гектардан астам инженерлік жүйеге келтірілген суармалы жерлер бар. Су тоспасы іске қосылғаннан кейін сол алқаптарды тиімді пайдалануға жол ашылады. Сондай-ақ, көршілес Шиелі ауданында да дәл осындай жағдайлар байқалады. Онда 32 мың гектардан астам инженерлік жүйеге келтірілген алқап есептелген.

Дарияның жоғары бөлігіндегі «Шардара» су қоймасы мен «Көксарай» су реттегіші су ресурстарын тиімді пайдалануға жол ашып келеді. Әйтсе де, біздің облыс аумағында да бұл бағытта біршама проблема орын алғанын жұртшылық жақсы біледі. Бұрынғы жылдарда су тапшылығы орын алған жылдарда егістікке су жеткізу мақсатында насостар пайдаланылды. Әрине, оған қаншама қаржы жұмсалады. Мұндай шығынды диқандардың қалтасы көтере бермейді. Жаңақорған ауданында салынған су тоспасы ендігі кезекте ондай олқылыққа жол берілмейді. Халықтың игілігі үшін жүзеге асырылған аталмыш шаруа алдағы уақытта өз нәтижесін көрсетеді деген үміт бар.

Жаз айларында біздің облысқа секундына 700-800 текше метр су келгенде Жаңақорған мен Шиелі аудандарында су тапшылығы байқала бермейді. Өкінішке орай, одан төмендеп кеткенде егінге су жетпей жататын жағдай орын алып жүрді. Соның салдарынан диқандардың еңбегі еш кетіп, өнім деңгейі төмен болған жағдайы да кездесті. Алдағы күндерде Жаңақорғандағы су тоспасы іске қосылғаннан кейін секундына 500-600 текше метр су келген жағдайда да ондай келеңсіз көріністерге жол беріле бермейді. Диқандар өздеріне қажетті су мөлшеріне толықтай қол жеткізе алады. Осының нәтижесінде көп жылдан бері түйінді мәселеге айналған жағдай оңынан шешіліп, аудандағы егіс алқаптары аяқ сумен түбегейлі қамтамасыз етілетін болады.

Оңтүстік Қазақстан облысынан келген мамандар сол өңірдегі термалды-минералды сулар мен оны пайдалану тұрғысында пікірлерін білдірді. Себебі, ол суларды пайдалану әлде де жақсартуды талап етеді.

**Әділжан ҮМБЕТ.**

● БАСПАСӨЗ – БАРШАҒА

## ЖАРТЫ ҒАСЫР СЫРЛАСЫМ



Қарты бар елдің – қазынасы бар. Ескіден жеткен есті сөз осылайша толғанады. Мұның астарында елдің ауызбіршілігіне, ынтымақ-берекесіне қадірменді қариялардың қосқан үлесі жатыр деп есептеймін. «Дұрыс қартая білу де ұлылық» депті шығыс ойшылы. Осы тұрғыда ауданда есімі ілтипатпен аталатын ардагерлеріміздің саны аз еместігі жан жадыратады. Тарихын тереңнен тартқан, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Қазалы ауданы жыл санап көркейіп келеді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық өсуінде, сан саласында ілгерілеушілік байқалады. Бұл, әрине, өте қуанышты жайт. Сонымен қатар ел ағаларына зор жауапкершілік те жүктейді. Бүгінгі таңда газет-журнал оқымайтын, ғаламтор желісіне енбейтін адам некен-саяқ. Алайда, әрбір басылымның өзіндік оқырманы болуы заңдылық. Мен үшін де, замандастарыма да «Сыр бойы» газетінің қадір-қасиеті жоғары. Мені газеттің әр санында саяси-қоғамдық өмірмен қатар, адам факторының басты назарда болуы қатты қуантады. Әсіресе, аймақта жүзеге асырылып жатқан экономикалық-әлеуметтік мәселелерді халыққа жете танытуда. Тарихи-танымдық тақырыптарға да жиі орын беріледі. Жасыратыны жоқ, соңғы кезеңде жастарымыздың түрлі секталардың ырқында кетуі бізді де алаңдатады. Сондықтан, осы бағытта ақиқатты ашып көрсететін материалдар қажет-ақ.

Өмірдің сан өткелінен өткен аға буын өкілі ретінде менің «Сыр бойының» шығармашылық ұжымына айтар өтінішім бар. Газет бетінде имандылыққа тәрбиелейтін, отансүйгіштікке баулитын мақалаларды, тарихи-танымдық әңгімелерді жиі жарияласаңыздар екен. Бұл сайын даласын қаһармандықпен қорғаған бабаларымыздың жанқиярлық ерлігін өскелең өрендердің санасына сіңіруге жасалған қадам болары даусыз.

**Оразғали БЕКБАНОВ,**
**Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы,**
**Қазалы ауданының «Құрметті азаматы».**




**Сыр бойы**

**газетіне 2014 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр**

**Басылымның алты айға жазылу бағасы**: жекелер үшін – 2750, мекемелер үшін – 3750, редакциядан тікелей жаздырып алатындар үшін – 2500 теңге. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ филиалында жүргізіледі.

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА – ТЕҢГЕНІҢ ЕНГІЗІЛГЕНІНЕ 20 ЖЫЛ

# ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ АЙШЫҚТЫ СИМВОЛЫНА АЙНАЛДЫ



**Еліміз тәуелсіздік алды. Ұлттық салт-санамызға өзгеріс енді. Міне, 20 жылдан астам уақыттан бері еліміз ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың сара басшылығымен дамудың әлемдік өркениетті көшіне ілесті.**

Бұл оқиға бүгінге дейін жадымыздан кеткен жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындық алдымен ақша несие саясатындағы күрделі жағдаймен ұштасты. Көпшілікке мәлім, 1990-жылдардың өзінде-ақ Кеңес Одағында қаржылық дағдарыстың алғашқы белгілері біліне бастады. Бұл жүйе шын мәнінде күйзеліске ұшырады. Көп ұзамай Кеңес Одағы тарады. Ол онсыз да жағдайы күрделі ақша рыногындағы жағдайды ушықтырып жіберді. Қалай болғанда да елімізде тәуелсіз ақша несие саясатын жүргізу қажет болды. Бұл жұмыстың басықасында ұйтқысы ретінде Елбасы жүріп, орасан тірлік атқарды. Біз үшін ең алдымен күн сайын құнсызданған Ресей рублінен құтылу қажет болды. Құнсыз ақша Қазақстанның рыногына тоқтаусыз ағыла бастағаны соншалық, оны тоқтатудың бір жолы өз валютамызды енгізу болатын.

Сол жылдары ақшаның, дәлірек айтқанда, қолма-қол ақшаның болмауы тығырыққа тіреді. Барлық аудандарда банк кассаларына нақты ақшаның түсуінен, оның берілуі әлдеқайда артық болды. Ал нақты ақшаға қажеттілікті өз ақшамызбен қамтамасыз етпей, жағдайдың түзелмейтіні белгілі. Себебі, барлық нақты ақша орталық банк арқылы толықтырылып жатты. Жалақы, зейнетақы бірнеше айлап берілмеді. Ақша айналымындағы осындай күрделі жағдай ұдайы Президенттің, Үкіметтің бақылауында болды. Теңгені енгізер алдында, яғни, 1992 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кабинетінің қаулысы шығып, ол бойынша аудан орталықтарында және Қызылорда мен Байқоңыр қалаларында есеп айырысу кассалық орталықтары ашылды. Кейін ақша ауыстыру осы есеп айырысу кассалық орталықтары арқылы жүзеге асырылды. Ақыр соңында қалыптасқан жағдай теңгені енгізудің алғашқы алғышарттарын жасауға мәжбүрледі.

1993 жылғы 3 қараша күні сол кездегі Қазақстан Республикасы Ұлттық банк төрағасы Ғалым Байназаров өзіне барлық облыстардың басқарма басшыларын шақырды. Жиналыс барысында екі күн ішінде Жамбыл қаласынан бағалы қағаздарды жеткізіп алуымызды талап етті. Ұшақтар жалдап, 6 қараша күні сол бағалы қағаздарды жеткізіп, қабылдап алдық. Әрі қарай 2 күн ішінде әлгі бағалы қағаздарды аудандардағы есеп айырысу кассалық орталығына жеткізу қамтамасыз етілді. Бұл жұмыстардың барысында қауіпсіздік шаралары барынша сақталды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мен ішкі істер басқармасы тартылды.

1993 жылдың 14 қарашасы күні менің түнімен жұмыс орнымда отыруымды талап еткен жеделхат алдым. 15 қараша күні таң алдында қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері хат әкеліп берді. 15 қараша күні Ұлттық валюта енгізу туралы Президент Жарлығы жария етілді. Ұлттық банктің ақша айырбастау туралы ережесі бекітілді. Ережеде 15-17 қараша аралығында Ұлттық валюта мен Ресей рублі айналымда қатар жүріп, 18 қарашадан бастан Қазақстан Республикасы аумағында теңге занды төлем құралы болып табылатыны, айырбасты 20 қараша күні кешкілік аяқтау қажеттігі айтылды. 500 Ресей рубліне 1 теңге арақатынасы бойынша айырбасталды. Осы жұмыстар өте қауырт жүргізілді. Банк қызметкерлері тынымсыз, өте ыждағатты жұмыс жүргізді. Сөйтіп, қарашаның 15-і мен желтоқсанның 12-сі аралығында қабылданған 23,6 млрд. рубль Жамбыл бөлімшесінің қоймасына жеткізілді.

Сонымен еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жаңа жауапты кезеңі басталды. Әрине, теңгенің енгізілуімен болған қиыншылықтар аз болған жоқ. Ақша құнсызданды. Инфляция шарықтады. Бірақ, осыған қарамастан, еліміздің экономикасы әлемдік қауымдастыққа осы қиындықтарды жеңе отырып, ене бастады.

Қазір теңге ұлттық мақтанышымызға айналды. Ол валюта рыногында еркін айырбас құқығына ие болды. Қазақстан экономикасы қарыштап дамып келеді. Бұл – біз үшін мақтаныш, еліміздің келешегі үшін сенім ұялататын үлкен мәртебе.

**Ниязбек МАХАНЖАНОВ,**
**1993 жылғы Қазақстан Ұлттық банкі Қызылорда облыстық басқармасының бастығы, ҚР Ұлттық банктің еңбек сіңірген қызметкері.**

**«Оңтүстікқазжерқойнауы» өңіраралық департаменті мемлекеттік мекемесінің Қызылорда аймақтық геология және жер қойнауын пайдалану инспекциясы «ҚазГерМұнай» БК ЖШС-ның ілеспе газды заңсыз жағу салдарынан келтірілген нұқсан 184471247 теңгені мемлекет пайдасына өндірді.**

# МҰНАЙ КОМПАНИЯСЫНАН 184 МЛН. ТЕҢГЕ ӨНДІРІЛДІ

Инспекцияның 2011 жылғы маусым айында жүргізген жоспарлы тексеру қорытындысымен «ҚазГерМұнай» БК ЖШС 2010 жылғы газды пайдалану туралы есептік құжаттарды тексеру нәтижесінде 21405161 текше метр ілеспе газдың рұқсат етілген шамадан артық жағылғандығын анықтады.

Рұқсат етілген шамадан артық жағылған газ көлемі ҚР Мұнай және газ министрлігі Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитетінің 2011 жылдың 3-11 қараша аралығында жүргізген тексеру қорытындысымен расталып, қосымша 2011 жылы Ақшабұлақ, Нұралы кен орындарының №№240, 347, 244, 245, 68, 71, 105, 79 ұңғымалары бойынша барлығы 2127105 текше метр ілеспе газды заңсыз жаққандығы белгілі болды.

Аталған газ шығындары бойынша ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңының 127-бабы 2-тармағына сәйкес Жер қойнауын ұтымды пайдалану саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген нұқсанның мөлшерін айқындау жұмыстары Қызылорда аймақтық геология және жер қойнауын пайдалану инспекциясымен атқарылып, мемлекетке келтірілген нұқсан 184471247 теңге көлемінде айқындалды.

Алайда «ҚазГерМұнай» БК ЖШС мемлекетке келтірілген нұқсанның шамасымен келіспейтіндігін білдіріп, оны өтеуден бас тартты. Сондықтан да инспекция Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына мемлекетке келтірілген 184 471 247 теңге көлеміндегі нұқсанды өндіру туралы талап-арыз берді. Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талап-арызды толығымен қанағаттандырып, «ҚазГерМұнай» БК ЖШС-нен мемлекетке келтірілген нұқсанды толық көлемінде өндіру туралы шешім қабылданады. Бұл шешім Қызылорда облыстық сотының апелляциялық алқасында да қаралып, өзгеріссіз қалдырылды.

Сот шешімдеріне сәйкес 2013 жылдың 31 шілдесінде «ҚазГерМұнай» БК ЖШС ілеспе газды рұқсат етілген шамадан артық жағу салдарынан келтірілген нұқсан мемлекет пайдасына өндірілді.

**Шахизат ҚАЛБЕРГЕНОВ,**
**«Оңтүстікқазжерқойнауы» Қызылорда аймақтық геология және жер қойнауын пайдалану инспекциясының басшысы.**

# ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ КОМИССИЯЛАР ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Қазіргі уақытта Қазақстан қарқынды даму үстінде, бірқатар индустриалдық-инновациялық бағдарламалардың табысты іске асырылуы, халықтың әл-ауқаты жақсарғаны байқалады.

Сонымен қатар, әскери қақтығыстарға ұшыраған өңірлерге жақын орналасу, көші-қон үдерістері, сондай-ақ интернет-кеңістікте шет елден терроризм идеяларын насихаттау халықтың өміріне ықпал етпей қоймайды.

Азаматтардың санасына бізге тән емес діни ағымдар мен секталар, шетелдік уағыздаушылар, сондай-ақ терроризм мен діни экстремизм идеологиясын уағыздайтын веб-сайттардан «дұрыс» дінді өз бетінше іздеу ықпал етеді.

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «терроризм» ұғымы күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған қылмыстық әрекеттерді жасау жолымен мемлекеттік органдардарға әсер ету практикасы ретінде айқындалған.

Осыған байланысты, елімізде терроризмге қарсы іс-қимылдар бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Мемлекеттік органдар терроризммен күресудің көп жылғы халықаралық тәжірибесімен танысып және осы тәжірибе негізінде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөнінен 2013-2017 жылдарға арналған бағдарламасын әзірледі, сондай-ақ бірқатар заңнамалық актілер қабылданды.

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2013 жылғы 8 қаңтарда енгізілген өзгерістерге және «Терроризмге қарсы комиссиялар туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы №589 Жарлығына сәйкес Қызылорда облысында терроризмге қарсы облыстық, қалалық және аудандық комиссиялары құрылды.

Қызылорда облысының әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның төрағасы облыс әкімі Қ.Е.Көшербаев болып табылады, қалалар мен аудандарда – тиісті әкімшілік бірліктердің әкімдері.

Барлық деңгейдегі комиссиялар құрамына Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің, Ішкі істер департаментінің, Қорғаныс істері департаментінің, Төтенше жағдайлар департаментінің, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің, Әділет департаментінің, Дін істері, Денсаулық сақтау, Білім басқармаларының және басқа да мемлекеттік мекемелердің өкілдері кіреді.

Төрағаның шешімі бойынша комиссиялар құрамына мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзге лауазымды тұлғалары қосылуы мүмкін.

Республикамызда барлық комиссиялардың қызметін жалпы үйлестіруді ведомствоаралық жоғары консультативтік-кеңес органы ретінде ҚР терроризмге қарсы орталығы қамтамасыз етеді.

Терроризмге қарсы іс-қимыл саласында барлық мемлекеттік органдардың іс-шаралары республикалық деңгейден аудандық деңгейге дейін бірыңғай өзара байланысты кешенге біріктірілген, олардың негізгі бағыты профилактика болып табылады.

Мәні бойынша профилактика – бұл терроризмнің алдын алу, оның туындауына және таралуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерттеу мен жоюға бағытталған түрлі іс-шаралар жиынтығы.

Нақ осы жұмысты терроризмге қарсы комиссиялар дамытуға шақырылған.

Облыс аумағында халықтың діни сауаттылығын арттыруға, біздің мәдениетімізге тән діни көзқарастар мен қағидаттарды қалыптастыруға бағытталған ақпараттық-насихаттау және идеологиялық жұмысты түсіндіретін арнайы топтар құрылып, қызмет жасауда.

Олардың құрамына мемлекеттік қызметшілер мен теологтар кіреді. Азаматтарды құқықтық қорғау мақсатында деструктивтік діни ағымдар мен секталар қызметінен зардап шеккендерге көмек көрсету орталығы жұмыс істейді.

Террористік сипаттағы төтенше жағдай туындай қалса, комиссиялар жедел медициналық жәрдем көрсетуді, авариялық-құтқару және өртке қарсы іс-шараларды ұйымдастыру, ұйымдардың орнықты жұмыс жасауын қалпына келтіру, зардап шеккен азаматтарға шығынды өтеу жұмысын жүргізуге шақырылған.

Ұйымдастыру мәселелері мен жұмысты жетілдіру мақсатында ағымдағы жылдың 21 тамызында Қызылорда облысының әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның алғашқы отырысы өтіп, облыстың барлық мемлекеттік органдарының жалпы іс-қимыл жоспары бекітілді.

# ЖОБАЛАР ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ БАЙҚАЛАДЫ

**Облыстық баспасөз клубында кәсіпкерлік және туризм басқармасының мамандары жергілікті БАҚ өкілдеріне арнап брифинг ұйымдастырды. Онда жаңа атауға ие болған басқарманың алдағы міндет-мақсаттары мен өңіріміздегі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы сөз болды.**

Басқарма басшысының орынбасары Құрманкүл Датқабекова шағын және орта кәсіпкерлік саласында 173 млрд. теңгені құрайтын өнім өндірілгенін айтты. Оның мәлімдеуінше, «Бизнестің жол картасы–2020» бағдарламасын жүзеге асыру үшін 2013 жылға 1,7 млрд. теңге қаржы бөлінген. Жыл басынан бері аймақтық үйлестіру кеңесімен 71 жоба мақұлданды. Оның ішінде Сырдариядан – 5, Қазалы және Қармақшы аудандарынан – 2, Арал мен Жалағаштан 1 жоба бар. Қ.Датқабекованың айтуынша, ауыл тұрғындары бұл бағдарламаның түпкі мақсатын әлі жіті түсінбей отырған көрінеді. Өйткені, олардың кәсіпкерлікпен шұғылдануға деген белсенділігі төмен. Тіпті, облыстың кей аудандарынан бірде-бір жоба келіп түспеген.

Мұнан кейін басқарманың бизнесті дамыту бөлімінің басшысы Азамат Досжанов өңір экономикасын өркендету аясында жүзеге асырылатын жобаларға кеңінен тоқталды. Мәселен, Титов қыстағындағы индустриялық аймаққа орналасатын нысандарға сыртқы инженерлік желілер, «»Тату Агро» ШҚ-ның «Томат» өнімдерін шығаратын цех жобасына сыртқы электр желілерінің құрылысы, «Шиелі тас-Оңтүстік» ЖШС әк зауытының құрылысы аясында уақытша ИЛ-10 Кв қосу, «Қамыстыбас көлінің жағалауында демалыс аймағы жобасы және «Жан-Арай Жем» ЖШС-ның қуаттылығы тәулігіне 80 тонна құрама жем шығаратын зауыт құрылысының жобалары республикалық бюджеттік комиссия отырысында қолдау тапты.

Баспасөз мәслихатында басқарма мамандары журналистердің сауалдарына жауап берді.

**Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.**

АУЫЛ ӘКІМДЕРІ ЕСЕП БЕРУДЕ



**Ауылдың гүлденуі мемлекетіміздің өсіп-өркендеуінің кепілі екендігі белгілі. Осы ретте ауылдағы билік өкілі – ауыл әкімдерінің сайлауы өтіп, әкімдіктерге қосымша құзырет берілгелі де көп уақыт бола қойған жоқ. Жуырда жаңадан сайланған әкімдер тұрғындар алдында алғаш рет есеп беруді бастады.**

**«Ауылына қарап азаматын таны» демекші, бүгінгі әңгіме кәсібі ырысты, келбеті келісті елді мекендердің бірі – Қызылорда қаласына қарасты Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Жақсылық Ержановпен өрбімек.**

# ҚЫЗЫЛЖАРМА ҚАНАТТАНЫП КЕЛЕДІ

*– Жақсылық Пазылбекұлы, биылғы кент, ауыл әкімдерінің сайлауы несімен ерекшеленді, жаңадан сайланған әкімдер жұмыстарының нәтижесін халық қалай бағалай алады, жалпы тұрғындардың ауыл әкімінің жұмысына ықпал ету тетіктері қандай?*

– Биылғы жылы күшіне енген жаңартылған заңнама бойынша ауыл әкімдері тиімді жұмыс жүргізу үшін қажетті материалдық-қаржылық және кадрлық ресурстарға ие болып отыр. Функционалдық міндеттерін өз деңгейінде атқару үшін ауыл әкімі аппаратының кадрлық құрамы да айтарлықтай нығайтылды. Осыған дейін төрт штат болса, бүгінгі күні сегіз мемлекеттік қызметкер бар.

Бірінші кезекте сайланған әкімдер кент, ауыл халқының алдында есепті болады. Үстіміздегі жылғы 15 тамыздағы «Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Елбасы Жарлығына сәйкес барлық кент, ауылдық округтер әкімдері енді әр тоқсан сайын өзі басқаратын ауыл тұрғындары алдында атқарған жұмыстарының есебін беріп отыруы міндетті. Бұл дегеніміз, ел азаматтарының жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді шешуге, жергілікті билік органдарының жұмысын бақылауға белсене араласуын қамтамасыз етуге бағытталған тағы бір маңызды қадам деп айта аламыз. Ең бастысы, біз ауылда атқарылатын қандай да бір шаруаларды ауыл тұрғындарымен ақылдасып атқаратын боламыз. Осылайша ауыл бюджеті ауылдың шын мәнінде бүгінгі өзекті мәселелерін шешуге бағытталмақшы.

*– Ауылдың бүгінгі тірлігіне тоқталсаңыз?*

– Жер аумағы 30232 гектарды құрайтын Қызылжарма ауылы 6370 тұрғыны бар 1186 шаңырақтың құтты қонысы. Ауылда имандылық үйі – «Алдажар жәме» мешіті, №5547 әскери бөлімі, 1200 орындық орта мектеп, мектеп жанындағы 96 орындық шағын орталық, ауылдық емхана, кітапхана, №10 байланыс бөлімшесі, 27 сауда нүктесі, олардан бөлек 3 монша, 2 шаштараз, 1 асхана, 1 мейрамхана, 2 автокөлік жөндеу орталығы, 1 тігін цехы, «Хрусталь» таза су шығаратын цехы және «Аквалайн» ЖШС жұмыс жасайды. Экономикалық белсенді халық саны 3429 адамды құрап, жұмыспен қамтылғандар саны 3385 адамға жетіп отыр.

Ауылдық округтің бюджеті де еселеніп өсуде. Былтыр 19,5 млн. теңгені құраған бюджет биыл төрт есе өсіп, 79,4 млн. теңгеге жетті. Ауыл инфрақұрылымын дамыту бағытында «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасы бойынша 27 млн. 970 мың теңге болатын Д.Карабалаев көшесі асфальтталып, оған ауылдан жеті адам тартылды. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 5 көшеге тас төселді. Сондай-ақ, жергілікті бюджеттен бөлінген 20 млн.-дай қаржыға А.Досхожин көшесіне асфальт төсеу жұмыстары жүргізілді. Оған қоса, бес көше жарықтандырылды.

Тазалыққа да айтарлықтай көңіл бөлінуде. Көпқабатты тұрғын үйлердің ауласына биыл төрт қоқысқа арналған контейнер аландары орнатылып, қоғамдық негізде тазалық жұмыстарына тұрақты түрде 15-20 адам қамтылуда. Көптен бері шешімін таппай келе жатқан мәселе, 2003-2005 жылдарға арналған «Ауыл» бағдарламасы аясында жас мамандарға арнап салынған бес үй жекешелендірілсе, қалған жеті үйдің құжаттары дайындалып, жекеге өткізу үшін тиісті органдарға жіберілді. Сонымен қатар, республикалық бюджет есебінен 280 орынды балабақша құрылысы жүргізілуде. Ол 2014 жылдың желтоқсанында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Осы айда аймақ басшысының қатысуымен салтанатты түрде клуб үйі ашылды.

«Жақсы туса ел ырысы» демекші, ауылда өтетін мәдени-көпшілік шаралар мен көркейту-көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарына демеушілік көрсетуші елді мекеннен сайланған облыстық және қалалық мәслихат депутаттары Сабыр Сейтханов пен Ғалымбек Жақсылықов, ауыл кәсіпкерлері Бегімбаев Жаңабай, Базарбаев Алпысбай, Асқаров Қожабай, шаруашылық басшылары Раймов Жұмабек, Балабатыров Жұмабайды ерекше атап өткім келеді. Айталық, ауыл азаматы, кәсіпкер Серік Есахаев бір көшенің жолын жөндеп берді. Осындай игі істерде ағалық ақылын айтып, көрген-түйгендерімен бөлісіп жүрген Ыдырысұлы Қожахмет ағамыз бастаған ауыл ақсақалдарының басын қосқан ардагерлер кеңесінің де орны ерекше деп білемін.

Ауылдағы №144 мектептің де жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. 1162 оқушыға 225 ұстаз дәріс беретін білім ұясын бітіруші түлектердің 96,9 пайызы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысса, жалпы ұпай саны 64,5 пайызды құрап, қала мектептері ішінде 13-ші орынға тұрақтады.

*– Соңғы жылдары кәсіпкерлікті қолдауға айтарлықтай көңіл бөлініп, түрлі бағдарламалар нәтижесін көрсетуде. Бұл туралы не айтасыз?*

– Ауыл тірлігінің басым бағыты – мал шаруашылығы. Бүгінгі күні 1501 бас мүйізді ірі қара, 1536 бас қой мен ешкі, 71 бас түйе, 154 бас жылқы, 58 бас шошқа, 300 бас үй құсы бар.

«Сыбаға» бағдарламасы аясында 4 шаруа қожалығы 31 млн. теңге несиеге 121 бас ірі қара алып, шаруашылықтарын жүргізуде. Сонымен қатар, қызылжармалықтар «Жұмыспен қамту - 2020. Жол картасы» бағдарламасының да игілігін көруде. Өткен жылы 4 кәсіпкерге 10 млн. 800 мың теңге берілсе, биыл бұл көрсеткіш екі есеге артты. Мысалы, Жұмабай Асқар төрағалық ететін «Ақмешіт» несие серіктестігі 20 млн. теңге көлемінде несие алып, ет бағытындағы мал өсірумен айналысуда.

Сондай-ақ, аталған бағдарлама аясында жеке кәсіпкерлер Нұртазаев Шәріпжан 3 млн. теңге, Сембаев Мұхамбетжан 1,2 млн теңге көлемінде несие алып, мал басын көбейтуде.

Жалпы, жоғарыда аталғандардан бөлек, жыл басынан бері жаңа 10 кәсіпкерлік нысаны ашылып, 29 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

*– Ауыл басшысы ретінде алдағы жоспарларыңызды айтып берсеңіз...*

– Алдағы жылы бір ауыз су ұңғымасын салу, бес көшеге асфальт төсеу, алты көшеге орташа жол жөндеу, төрт көшені жарықтандыру, сондай-ақ қалып қойған және жаңадан қоныстанған көшелерді газдандыру жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Мәселе оң шешімін тауып жатса, облыс бойынша газбен 100 пайыз қамтылған бірден-бір елді мекенге айналамыз. Сонымен қатар, спорт алаңы мен балалар ойын алаңын салу, құрылысы биыл басталған 280 орындық балабақшаны тезірек пайдалануға беру күн тәртібінде тұр. Бұдан басқа емхана құрылысы, ауылішілік аялдамалар орнату, тұрмыстық қатты қалдықтар төгетін полигон, тағы басқа жұмыстар бар. Әрине, бұлардың барлығы бір жылда біте салатын шаруалар емес.

Қай ауыл, кент немесе қаланың басшысы болсын өзі тұратын мекеннің айнадай жарқырап ажарлы болғанын, көшелерінің тақтайдай тегіс, самаладай жарық болғанын, ауыз су мен аяқ суда іркіліс болмай, көгілдір отынның игілігін барша жұртшылық пайдаланғанын жақсы көреді. Алдағы уақытта да ауылдың әлеуметтік-экономикалық ахуалын нығайту бағытында жоспарлы жұмыстарымызды жалғастыра беретін боламыз.

*– Әңгімеңізге рахмет. Ел игілігі үшін атқарып жатқан қызметіңізге табыс тілейміз.*

Әңгімелескен **Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

# БІЛІМ ЖӘНЕ УАҚЫТ ТАЛАБЫ

**Елбасы тапсырмасындағы білім мен ғылымды дамыту және ақпараттық саланы жандандыру мәселесі бойынша облыстық ішкі саясат және білім басқармалары бірігіп БАҚ өкілдеріне қаладағы білім ошақтарына пресс-тур ұйымдастырды.**

Пресс-турда журналистер тобы аялдаған алғашқы білім ошағы Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі болды.

Бүгінде колледжде 230 ұстаз қызмет істейді. Үш мыңға жуық студент кәсіби мамандыққа даярланып жатыр. 1980 жылға дейін үш мамандық бойынша маман даярлаған колледжде бүгінде 18 мамандық түрі бойынша мамандар даярлайды. Соңғы жылдары оқушылар контингенті 1,5 есеге, даярланатын мамандықтар 2 есеге, оқу дәрісханалары 2,7 есеге, шеберханалар 3 есеге, компьютермен жабдықтау 3,9 есеге, жатақханамен қамту 2,3 есеге және кітапхана қоры 2 есеге ұлғайған.

Материалдық-техникалық базасында электронды оқу залы, алты интерактивті және үш мультимедиалық, он үш компьютерлік кабинет, сондай-ақ электронды тест орталығы, электронды оқу-әдістемелік кабинеті және әлеуметтік-тұрмыстық қызмет орталығы, медициналық пункт, шаштараз, студенттік асхана колледж шәкірттерінің пайдалануына арналып жабдықталған.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен қамтамасыз ету мақсатында, «Балапан» бағдарламасы аясында «Шұғыла» мөлтек ауданынан 320 орындық №2 «НұрШұғыла» жекеменшік балабақшасы осы жылдың қазан айында іске қосылған еді. Мұнда бүлдіршіндердің денсаулығын сақтау мен нығайтуға және баланың жан-жақты дамуына, өз ортасына белсенді болуына барлық жағдай жасалған.

«100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасымен салынған №264 мектеп-лицей 1248 орынға арналған. Жаңа білім ошағында оқушылардың сапалы білім алуына барлық жағдай қаралып отыр. Оқуға арналған сынып бөлмелерінің саны 50, лабораториялық кабинеттер қатары алтауға жетті. Сонымен қатар, білім ордасында жаңа оқулықтармен қамтамасыз етілген кітапхана, оқу залы, 4 технология және 3 информатика кабинеттері бар.

Уақыт талабына сай қазіргі күні жаратылыстану, математика бағытына айрықша көңіл бөлініп келеді. Мектепте шетел тілдерін, информатика, технология, физика, химия және биология пәндерін топтарға бөліп оқыту үшін барлығы 12 зертханалық-тәжірибелік кабинет жасақталған.

Сондай-ақ, 2011 жылдың 1 қазанынан бастап мектеп-лицей жанынан «Қосымша білім беру орталығы» өз жұмысын бастады. Орталықта 5 түрлі үйірмеде 9 маман жұмыс істейді. Саз өнері, домбыра, сурет салу, күрес және хор үйірмелерінің мектеп оқушыларына берері көп. Орталықтың спортшылары мен өнерпаздары республикалық және облыстық додаларда жүлделі орындардан көрініп жүр.

Облыс орталығындағы жаңа нысанның бірі «Бегім Ана» балабақшасы.

Балабақша 12 топқа бөлінген. II сәбилер тобы 3-4 жасқа дейінгі балалардан құралған «Жұлдыз», «Күншуақ», «Шаттық» бөлімі болып бөлінсе, ортаңғы және 4-5жасқа дейінгі бүлдіршіндер топтастырылған. Оқыту мен тәрбие жұмысы бойынша «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары және «Тәй-тәй» технологиясы жұмыс істейді. Балалардың шығармашылығын дамыту мақсатында хореография, сурет, тағы басқа үйірмелер бар. Ересектер тобында «Қызықты математика», «Ойнайық та, ойлайық» бағдарламасы ұйымдастырылған.

Балабақша толықтай санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жұмыс жүргізеді. Педагог-тәрбиешілер оқыту мен тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін арнайы бөлмелерде жұмыс жасайды. Балабақшада «Өзін-өзі тану» және инклюзив бөлмелері, музыкалық және гимнастикалық зал және заманауи техникалық құралдармен жабдықталған.

Білім саласындағы атқарылған шаралар игі нәтижесін беруде.

**Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

# ӘР ФИЛЬМНІҢ ӨЗ КӨРЕРМЕНІ БАР

**Жуырда Сырдың тумасы, «Asu anima» студиясының бас директоры Қалдыгүл Жаныбаева өңірімізге келді. Арада бірнеше жыл өткеннен кейін туған жерге табан тіреген киногермен тілшіміз әңгімелескен еді.**

*– Елге қош келдіңіз! Өзіңіз туған жерден жырақ жүрсеңіз де Сыр халқының тілеуін тілеп, өңірдің жетістігіне сырттай сүйсінетін шығарсыз. Отыз жылдан кейін елге келгендегі әсеріңізбен бөліссеңіз?*

– Қызылорда – киелі мекен. Биыл туған жерге жиі-жиі келіп жүрмін. «Қорқыт ата» әуежайынан түскен бойда қалада жаңашылдықтың барын, үлкен тірлік жүріп жатқанын сырттан келген қонақ бірден аңғарады. Жазда БАҚ өкілдерімен бірге халықаралық Арал қорының бастамасымен сол өңірге барып қайттық. Жасалып жатқан шараларды, жергілікті тұрғындардың өмірге деген құштарлығын, елге сүйіспеншілігін көріп таңғалдым.

*– Өзіңіз Тереңөзек ауданының Іңкәрдария ауылында дүниеге келдіңіз. Ауылдан шыққан сіз секілді қарапайым қыздың үлкен армандарды қуалап Алматыда білім алып, бүгінде кино өнерінде өзіндік қолтаңбасы ерекшеленген тұлғаға айналуы бала кездегі арманыңыздың орындалғанын айқындайтындай. Жалпы, бала арманыңыз қазақ киноматография саласын дамытсам деген ойдан туды ма, әлде Алматының баурайында жүрген уақытта қалыптасты ма?*

– Мен кино саласына барамын деп ойлаған жоқпын. Негізі КазГУ-дың филология факультетін бітіргенмін. Біраз жылдар журналистикада жұмыс істедім. Бірақ, адамның ішіндегі өнерге деген қыжыл бәрі бір сыртқа шығады екен. Кино саласына ойламаған жерден келдім. Ол 1995 жылдар болатын. Менің сол кездегі жұмыс жасаған кісілерім Қазақстанға ғана емес, әлемдегі анимацияға танымал адамдар болды. Олармен бірігіп, «Asu anima» деген студия аштық. «Қазақфильммен» бірлесе жеті жыл ішінде он шақты жобаны жасадық. Жеке демеушілердің қолдауымен де біраз дүниелер өмірге келді. Бас-аяғы 17 анимациялық фильм түсірдік. Оның ішінде танымалдары еліміздегі фестивальдардың барлығынан бас жүлде алды. «Шәкен жұздыздары», «Еуразия», «Астана-Бәйтерек» фестивальдарының анимация бөлімі бойынша үздік деп танылды. Жапонияда өткен «Үздік Орталық Азия анимациясы» деген фестивальдан де жүлделі орынды иелендік. Біздің фильмдер қазақ анимациялық қорының басында тұрған фильмдер деп айтуға болады. «Дүние кезек», «Ақсақ құлан», «Айдаһар аралы», «Қасқырдың қалыңдығы» деген фильмдер бар. Сол анимацияда продюсерліктен бастадым, кейін сценарийге араластым. Еліміздің үлкен кәсіпкерлері маған фильм түсіруге ұсыныс жасады. Олар маған сенген болуы керек. «Шешінген судан тайынбас» дегендей, келіп тұрған ұсыныстан бас тарту мүмкін емес еді. Екі көркем фильм түсірдім. Екінші түсірген «Жаным садаға» туындысы «Шәкен жұлдыздары» фестивалінде «үздік продюссерлік жоба» номинациясын жеңіп алды. Менің ең алғашқы тырнақалды режиссерлік фильмім болатын. Оның арасында деректі фильмдер, роликтер жасадық. Ең соңғы жасалған туындым ақын Нұрпейіс Байғанин туралы 2010 жылы түсірілген фильм. Осы туынды деректі фиьмдер арасында «үздік» деп танылды.

*– Маман ретінде қазақ киносының бүгінгі беталысы туралы не айтар едіңіз?*

– Әр фильмнің өз көрермені бар. Фестивальдық, коммерциялық, сериал болсын оның өзіндік аудиториясы болады. Кино өнеріне қолдау тек «Қазақфильм» арқылы өтеді. Жеке студияларға, жеке режиссерларға бөліну керек. Бүгінде мемлекеттік қолдау жаман емес. Бірақ, әрине, мемлекет тұрғысынан қаржы бөлу ғана емес, салық жағын азайту секілді жағдайларға қолғабыс етсе, үлкен көмек болар еді. Кино туралы заң да әлі қаралып жатыр. Отандық фильмдерді міндетті түрде кинотеатрларда көрсету, оның жалға беру мәселесін жөнге салу жағына насихат кемшін. Кинотеатрлар – жеке монополистер. Олардың өздерінің шарттары бар. Оларға менің фильмімді көрсеткеннен, Голливудтың дүниелерін көрсеткен тиімді. Дей тұрғанмен, ұлттық жобалар «Мың бала», «Шал» фильмдері үлкен қаржылық пайда түсіріп жатыр. Жеке коммерциялық жобалардың прокатына үлкен қаржы бөлінген. Оларда жап-жақсы табыс табуда. Ал біздің студияның ондай мақсаты болған емес. Біз коммерциялық жобалардан гөрі, өнер жағына қарай көбірек ден қоямыз. Әр өнер адамының, суретшінің, режиссердің өзінің таңдаған жолы болады ғой. Өзімізді толғандырған мәселені туынды ретінде шығаруды мақсат етеміз. Одан пайда тауып емес, еңбегімізге ақы алып жатсақ құба-құп.



*– Қазақ мультипликация саласы да қарқынды даму үстінде деуге болады. Ұлттық құндылықтарымызды айқындайтын туындылар саны да молайып келеді. Сіз «Ақсақ құланды» түсірдіңіз. Бірақ, хас батырларымыздың бейнесі көп көрінбейді. Бұл реттегі ойыңызды білсек...*

– Анимациялық фильмдерді жасауға тек мемлекеттік қолдау керек. Өйткені, 10 минуттық анимациялық фильм әлемдік деңгейде емес, ТМД деңгейінде бюджетін қарастырсаңыз, біздің «Жау жүрек Мың балаға» түсірілген фильмге көп болса үш-төрт толыққанды 20 минуттық мультфильм түсіресіз. Стилистикалық, көркемдік, техникалық жағынан толыққанды стандартқа сай анимациялық фильм жасау үшін одан да көп қаржы керек. Көп адам қатысу керек. Ол бір-екі демеушінің көмегімен жасала қоятын шаруа емес. Ондай жобаларды кезінде бастағанбыз. Ол мүмкін емес болды. Тек мемлекеттік қолдаудың арқасында жүзеге асыруға болады. Дейтұрғанымен, ондай жобалар министрлікте қарастырылып жатыр. Болашақта біздің де жобаларымыз бар. Атын атамай-ақ қояйын. Қазір Балапан телеарнасы көп жұмыстар жасап жатыр. Көп мультфильмдерді қазақшаға аударуда. Ол да әлі өз деңгейінде емес. Ол үшін анимациялық орталық бөлек болу керек. Қауымдастық та құрылды. Бірақ, ол қоғамдық ұйым. Оның көтерген мәселелері мемлекеттік деңгейде шешілуі керек.

*– Бүгінгі киногерлерді қандай мәселе толғандырады. Оның ішінде өзіңіз де барсыз?*

– Көп нәрсенің адам факторына барып тірелетіні мені қинайды. Мемлекеттік қолдау болғанымен, адам факторының әсерінен кей жобалар орта жолдан қалып қояды. Қазір тақырып та, жасайтын адам да көп. Жастар деген жанып тұр. Оларды көріп қуанасың. Жоқтан бар жасауға құштар. Кәсіби білімі жоқ болса да балалардың ұмтылысы өте жоғары. Жақында бір аграрлық университетте болдым. Ондағы балалардың қойылымы кәсіби мамандардан кем емес деуге болады. Мен басымды иіп, тәнті болдым. Бізде сондай өнерлі, талантты балалар көп. Бірақ, енді оларды қолдауға қолымыз қысқа. Елімізде өнер жағынан сабақ беретін ұжымдар бар. Қаншама талантты балалар оқып жатыр. Олардың 30-40 пайызы басқа салаға кетіп жатады. Сондай ұмтылыспен келген жалынды жастарға қолдау қажет. Жастармен жұмыс жасағанды жақсы көремін. Олар армандай біледі. Керек десеңіз бізге де үйретіп қояды. Бойына күш-қайраты сыймай тұрған, жігерлі жастарды көргенде студиямды кеңейтіп осы балаларға бере қойсам деймін. Алайда, әттең тонның келтесі қол байлап тұр. Жанып тұрған жүректері өшіп қалмаса екен деймін.

Әңгімелескен
**Айсәуле САҒАТБЕКҚЫЗЫ.**

# ДАРА ДАУЫСТЫ ДАРЫН



Қазақ өлеңінің хас шебері, талантты ақын, «Дарын» сыйлығының, Президент сыйлығының иегері Маралтай Райымбекұлының аты Алашқа мәлім.

Оның мінезді жырлары, алдаспандай жарқылдаған ақындық қуаты әр қазақтың жүрегіне жылы, көңіліне жақын дүние екендігінде дау жоқ.

Қарашаның 9-ы сенбі күні сағат 16.00-де А.Тоқмағанбетов атындағы облыстық мәдениет орталығында өлең сүйген барша қазаққа ортақ шайыр Маралтайдың шығармашылық кеші өтпек.

Өнер кешін танымал ақын Бауыржан Бабажанұлы жүргізеді.

Келіңіздер, көркем жырдың тұнығынан қанып ішіңіздер, қаракөз қандастар!

# «ЖЫРЛАРЫМДЫ ОҚЫ ДА, ОЙЛАРЫМДЫ АЛ»

Елбасы бір сөзінде: «Келешекте интернетте отырғандарды, кітап оқығандар басқаратын болады» деген болатын. Әрине, кітап – білім, кітап – дос, кітап – қару. Десек те, қазіргі жастар кітап оқудан алшақтап бара жатқандай. Осы тұрғыда республикамызда «Бір ел – бір кітап» акциясы жемісті жұмыс жасап келеді.

Акция ел арасында аса танымал жобалардың біріне айналды. Оқырман қауым жалпыға бірдей оқуға ұсынылған туындыларды өте қызығушылықпен оқи отырып, автордың өмірбаянымен және шығармашылық жолымен терең танысуға мүмкіндік алды. Биыл, халықтың жаппай, қызыға оқитын кітабы ретінде, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық ақыны Фариза Оңғарсынованың «Дауа» атты лирикалық жыр кітабы ұсынылды. Осыған орай, шара аясында қалалық кітапханалар жүйесіне қарасты №12 кітапханада ақынның шығармашылығына арналған «Жырларымды оқы да, ойларымды ал» атты поэзия кеші ұйымдастырылды. Кешке Т.Жүргенов атындағы №1 мектеп-гимназиясының, КазГЮА, «Қызмет» колледжі оқырмандарының өнері тамашаланып, ақынның өлеңдері оқылды. Осы орайда, кеш қонақтары акцияға байланысты өз пікірлерін білдірді.

«Бір ел – бір кітап» акциясына арнайы оқу залы бөлімі «Жауһар жырды жүрегінде тербеген» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Оған ақынның шығармалары, әр жылдарда мерзімді басылымдар бетінде жарияланған мақалалары, жылы лебіздерге толы дүниелері слайд арқылы оқырман назарына ұсынылды. Мұндай ізгі шаралар оқырмандарға әлі де ұсынылатынын жеткізген қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы Саягүл Есімқұлова кешті қорытындылап, жастарды кітап оқуға шақырды.

**Жұлдызай ОМАРХАН.**

# АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛҒАН АБЗАЛ

**«Бірінші байлық – денсаулық». Дана халқымыздың осынау ғибраты көп жайтты ұғындырады. Спортпен шұғылдану, салауаттылық салтын сақтау, дұрыс тамақтану – адам денсаулығының кепілі. Өкінішке орай, осынау қарапайым да маңызды қағидаттарды кейде сақтай бермейтініміз де рас.**

«Қоғамның басты байлығы – дені сау адам» екені күмәнсіз. Біздің егеменді елімізде бұл мәселе күнделікті күн тәртібінде тұр. Тұрғындар денсаулығын қорғау барысында түрлі бағдарламалар қабылдануы, сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктелуі соның айғағы. 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы көпшіліктің көңілінен табылуда. Әрі бұл бағытта көптеген толымды тірліктер тындырылуда. Қазақстан халқының өмір сүру ұзақтығын арттыру, ана мен бала денсаулығын қорғауды басты мақсатына айналдырған тұжырымдаманы орындау Сыр өңірінде де қарқынды жүргізілуде.

Қазалы аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансері бірнеше аса маңызды шараларды басты назарға алған. Дәрігерлеріміздің тәжірибесі де, қажетті заманауи қондырғылармен жабдықталуы да ойдағыдай. Алғашқы кезекте диагностикалау, туберкулезді анықтау мақсатында бактериоскопиялық зертханалық бинокулярлы микроскоптармен, рентген-сәулелі кабинеттер флюроқондырғылармен, жылжымалы флюроапараттармен қамтамасыз етілген.

Енді туберкулезге қарсы күрес мекемелерінде болған өзгерістерді атап кетсем. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсанындағы «ҚР халықты туберкулезден қорғау шаралары» қаулысына сәйкес облыстағы туберкулезге қарсы ауруханалар науқастардың эпидемиологиялық статусына байланысты емдеуге бейімдеді. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының 2011 жылдың 26 қазандағы №1095 бұйрығы бойынша облыстағы диспансерлердің төсек-орындары қысқартылды. Соның нәтижесінде 100 төсекке арналған Қазалы аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансері 1 қарашадан бастап 25 төсекке яғни 75 орынға қысқартылды. Сол негізде аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансерінде (БК+) арнайы дәрілерге сезімталдығы сақталған Қазалы, Арал аудандарының науқастары емделеді.

Тындырылған тірліктің қорытындысы көңіл көншітеді. Өткен жылдармен салыстырғанда туберкулез ауруы азайып келеді. Бұл, әрине, өте қуанышты жайт. Нақты деректерге жүгінсек, ауданда аурушаңдық көрсеткіші 100 мың халыққа шаққанда 2012 жылы 70,7 пайызды құраған еді. 2013 жылы бұл 64,3 пайызға төмендеді. Өткен жылы өмірінде алғаш рет туберкулезге шалдыққан 67 науқас тіркелсе, ағымдағы жылдың 9 айында 48 науқас диспансерлік есепке алынды. Туберкулезден өлім-жітім көрсеткіші 2012 жылы 1,4 пайыз, биылғы жылдың 9 айында 2,7 пайызды құрап отыр. Бұл науқас ең алдымен балаларға өте қауіпті. Балаларды аман сақтау үшін туберкулезге қарсы ектіру қажет. Бүгінгі таңдағы медицинаның қуаты өте ересен. Мұқият емделсе өкпе дертінен біржолата айығып кетуге болатынын әрбір тұрғын білуге тиісті. Ең бастысы, жазыламын деген сенім өкпе дертіне шалдыққан науқастардың көкірегінде болуы шарт. Туберкулез жазылмайтын дерт емес. Одан толығымен айығу әр адамның өз қолында.

**Құлпыбай ЫСҚАҚ,**
**Қазалы аудандық туберкулезге қарсы күрес диспансерінің бас дәрігері, облыстық мәслихат депутаты.**

Ата-бабаларымыздың ізгі мұраларын, салт-дәстүрін насихаттау – ортақ міндет. Осы тұрғыда облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен аталар және әжелер ансамбльдерінің байқауы өткізілген болатын.

# Әжелердің әні

«Қарттардың да өнерге бар таласы» тақырыбымен ұйымдастырылған додаға 9 ансамбль қатысты. Қазалы ауданынан барған мәдениет орталығының жанынан құрылған әжелер ансамбльне Жәдігер Тұрсынов атындағы халық театры режисерінің көмекшісі Гүлнар Төребекова жетекшілік жасады. Сайыста халық әні «Ой, дүние-ай», Ұлықбек Тәңірбергеновтің сөзіне жазылған әндерді орындаған абзал аналар көрермендердің ілтипатына бөленді. Нәтижесінде сынақтан сүрінбеген қазалылық әжелер І орынды жеңіп алды.

# «АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ

Қызылорда облысы бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті, Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы және «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Қызылорда облыстық филиалы ағымдағы жылдың **7-8 қараша** аралығында **«Ашық есік» күндерін** өткізеді.

«Ашық есік» күндері барысында тұрғындарға зейнетақы жүйесін жаңғырту аясында өткізілетін шаралар, «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру» және «Міндетті әлеуметтік сақтандыру» Заңдарына енгізілген өзгерістер бойынша, сондай-ақ, «Жұмыспен қамту – 2020 Жол картасы», «Қызылорда облысында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2013-2014 жылдарға арналған Жол картасы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңдарына сәйкес түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

*Өтетін орны:* Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ғимаратының 4-қабаты, 44-кабинет, ү.ж. 7-8 қарашасында.

# «ПЕТРОҚАЗАҚСТАН» ҮЗДІК ШЫҚТЫ




**Салауаттылықты серік еткен мұнайшылар қауымы дәстүрлі спартакиадада бақ сынады. Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күніне арнап, «Торғай Петролеум» АҚ ұйымдастырған спорт додасына «ПетроҚазақстанҚұмкөл Ресорсиз» компаниясына қарасты бөлімшелер мен «ҚазГерМұнай» БК ЖШС қызметкерлерінен жасақталған 5 команда қатысты.**

Денсаулықтың кепілі – спортпен тұрақты шұғылданатын мұнайшылар салауатты қоғамның берік іргетасын қалайды. Басты мақсаты да осы.

Спартакиаданың салтанатты ашылу рәсімінде спортшыларды «ПетроҚазақстан» компаниясының вице-президенті Бақытжан Исенғалиев пен доданың биылғы ұйымдастырушысы «Торғай Петролеум» акционерлік қоғамының атқарушы директоры Сағит Алтынбеков құттықтады.

Екі күнге созылған спартакиадада үстел теннисі бойынша «ПетроҚазақстан» командасының теннисшілері өз ойын шеберлігімен І орынды жеңіп алды. ІІ орынға «Қазгермұнай БК» ЖШС командасы орналасса, ІІІ орынды – «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» командасы иеленді.

Бадминтон бойынша, 3-орынға қазгермұнайлықтар тұрақтаса, 2-орын алматылық «ПетроҚазақстан Оверсиз Сервисез инк» командасына бұйырды. Ал үздік бадминтоншылар болып танылған «ПҚҚР» командасы бірінші орын тұғырына көтерілді.

Бильярдтан бірінші орын жүлдесіне осыған дейін спартакиаданың екі дүркін чемпионы атағын иеленген «Торғай Петролеум» командасының ойыншысы Азамат Елемесов лайық деп табылды. Екінші орынға Шымкент командасының ойыншысы Қанат Омаров көтерілсе, үшінші жүлде петролық компаниясының қызметкері Алмас Бекеновке бұйырды.

Мини-футболдың көрігін қыздырған «Торғай Петролеум» командасы қола жүлдеге қол созса, «ПетроҚазақстан» тобы күмісті иеленді. Алтыннан алқа таққан «ҚазГерМұнай» командасы жеңіс туын желбіретті.

Осылайша өрбіген ойында басты олжа – спартакиаданың ауыспалы кубогы «ПҚОП» командасынан «ПҚҚР» құрамасына ауысты. Жалпыкомандалық есепте жиналған балл нәтижелері бойынша «ПетроҚазақстан» командасы көш бастады. Ал «ҚазГерМұнай» мен «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС Оверсиз Сервисез инк» командалары бірдей ұпай жинағанымен шағын футболдың қорытындысы ескеріліп, үшінші орынға «ҚазГерМұнай» БК ЖШС командасы тұрақтады, ал «Торғай Петролеум» АҚ құрамасы төртінші орыннан төбе көрсетті, бесінші орын «ПетроҚазақстан Оверсиз Сервисез Инк.» компаниясына бұйырды.

Шара соңында жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар мен алғыс хаттар табыс етілді.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**




## Банкроттық іс қозғалды

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 31 қазан 2013 жылғы ұйғарымымен Аль-Фараби атындағы Қызылорда гуманитарлық заң колледжин (РНН 331000007900) банкрот деп тану туралы іс өндірісі қозғалды. Талап-тілектер Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үйде қабылданады.

## ХАБАРЛАМА

«Көлжан» ЖШС Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Солтүстік-Батыс Қызылқия өнеркәсіптік пайдалану кезінде жайластыру, ІІ кезек. БШСС стансасын уақытша электр қамтуға арналған газ-поршеньді электр стансасы» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Есимкулова Гулшат Жамбыловнаның атына Қызылорда қаласы, Сәулет шағын ауданы, 23 кварталға берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық № 10-156-001-3936 №0144537) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Баимбетова Гульмира Мухтаровнаның атына Қызылорда қаласы, «Береке» бау-бақша қоғамына берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-030-1165 №0122316), Қызылорда қаласы жылжымайтын мүлікке жария ету комиссиясының шешімі (№1512 18.01.2007 жыл) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Ахметов Нурлан Куандыковичтің атына Қызылорда қаласы, Титов ауданы, 1 А кварталы, №14 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-013-961 №0106324) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Ибраев Бағдат Жакенұлының атына берілген жүргізушілік куәлігі (Д, Е категория) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі 23-58-02
факс 23-55-37

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 23-74-62

Бас редактордың орынбасары 23-58-62
Жауапты хатшы 23-76-64

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 23-76-34, 23-81-50
экономика - 23-72-38, 23-78-08
әлеумет және саясат - 23-71-70, 23-78-08
жарнама - 23-80-38, 23-78-50
есеп-қисап - 23-81-06
заңгер - 23-64-20
компьютер орталығы - 23-77-45
корректор бөлімі - 23-73-39

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-22-46

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "PRINT" баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49.
Газеттің басылу сапасына "PRINT" баспаханасы - 27-24-94, таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: 120008 Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 60.
Таралымы 21085
Тапсырыс № 602